

2. Қазақстан Республикасының Парламентінің жаршысы, 2020. № 1 2. С. 3 4.
3. Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызмет/ Статистикалық жинақ, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана. 2020.
4. Нұрғалиева А.А. «Ауылдық аудандарда әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі» монография Павлодар «Кереку» баспасы 2014. 176 с.

УДК 338.46

ЖЕРГІЛІКТІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНДА САКРАЛДЫ ТУРИЗМНІҢ РӨЛІ

Қабылқаш А.Н.

магистр, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: adiya.nurbaeva@mail.ru

Аннотация. Зерттеу жұмысы барысында мемлекет аумағындағы сакралды туризм әлеуеті аймақтық деңгейінде қарастырылды. Мақаланың зерттеу бөлімі негізінде аталған туризм саласы өңірдің экономикалық дамуы аясында зерделенді.

Мақала мазмұны Павлодар облысының Ертіс-Баян аймағына қарасты сакралды ескерткіштерін өңірлік экономикалық даму тұрғысынан қамтиды. Облыстың туризм перспективасы жоғары тарихи-киелі орындары қатарына Ғабдыл-Уахит Хазірет, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және Ақбалық Хазірет кесенелері, Қоңыр Әулие үңгірі мен Исабек Ишан Хазірет кесене кешені мысалындағы сакралды ескерткіштер қарастырылды.

Кілтгі сөздер: Сакралды туризм, экономикалық кіріс, аймақтық даму, мәдениет, рухани білім

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында өңірлік сакралды туризмнің дамуына әсер етуші факторлардың эмпирикалық бағытта зерттелінуі қолданылды. Статистикалық ақпараттың салыстырылымы мен саланың микроэкономикалық жеке ерекшеліктеріне дедукциялық тұрғыда талдау жүргізілді.

Зерттеу мақсаты. Павлодар облысының сакралды туризм әлеуетіне талдау жасау арқылы аталған саланың жергілікті экономикалық дамудағы рөлін анықтау – мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Кіріспе. Қазақстандағы туризм саласы ұлттық экономиканың индустриялық-инновациялық дамуының басым бағыттарының бірі болып табылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев XVIII Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Дүниежүзілік Туризм Ұйымының Генассамблеясында «қазіргі таңда Қазақстан туризм саласының барлық дерлік түрін иемденудің қайталанбас мүмкіндігіне ие болып отыр» деген.

Әлемдік жаһандану дәуіріне сәйкес Қазақстан жаңа мүмкіндіктерін иемденуде және өзінің ұлттық кодын айшықтай түсетін бағыттарға жоғары мән беруді көздейтіні белгілі. Осы орайда, Үкімет елдің этно-мәдени алуантүрлілігін бірден-бір насихаттаушы – сакралды туризм секторын нығайту шараларын жүзеге асыру үстінде. Себебі қазіргі таңда тәуелсіздік алған кезеңінен бастап аса жаңғыртылмаған туризм

бағыттары қоғам назарын аудартуда және соның бірден-біріне – сакралды туризмді жатқыздыруға болатыны анық. Мемлекет аумағында шетелден келген саяхатшылар үшін белгілі спорттық, сауықтыру және экологиялық туризм түрлері дамығанымен, тарихи-киелі бағытқа қажетті назар аударылмағаны белгілі. Нақтылай түссек, елде экономикалық рөл атқарар түрлі тарихи-киелі орындар өте көп, алайда олардың потенциалы қажетті түрде қолданылмай, тек соңғы жылдарда ғана қарастырылуда. Осы орайда, сакралды орындар әлеуетінің өзектілігін толықтай зерттеп, олардың қаржылай кіріс көзі ретіндегі маңыздылығын анықтау – зерттеу жұмысының негізі болмақ. Дүниежүзілік Туризм Ұйымының деректеріне сүйенсек, Қазақстан туризмнің келешектегі экономикалық кіріс көзі ретіндегі сакралды бағытқа Үкімет тарапынан толыққанды көңіл бөлінгені абзал. Мәселен, қазіргі уақытта, әлем бойынша шетелдік саяхатшылар ағымы көпшілікке белгілі (Жерорта теңізі, Кариб бассейні, Үнді мұхиты) туристік нарықтарында тұрақты түрде ұсынылатын туризм стандарттарына (желілік сервис) қанығуына байланысты, қоғам арасында аса жарнама-ланбаған Орталық Азияның менталитетін, тарихи көлемділігі мен салт-дәстүрін құптауда және өз саяхатын аталған бағытқа сәйкес жоспарлауда.

Қазақстанның Еуропадан Азияға, Қытайдан Ресейге дейінгі жолдардың қиылысында қолайлы орналасуына байланысты Ұлы Жібек жолының бөлігі болып табылатынын атап өткен жөн. Нәтижесінде Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан арқылы өтетін БҰҰ ЮНЕСКО «Жібек Жолы туризмін дамыту стратегиясы» жобасын жүзеге асыруға ерекше назар аударылып отыр. Аталған халықаралық деңгейдегі үкіметаралық бағдарламаларға қатысу ел мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және оның мәдени мұрасын сақтау арқылы өз өңіріндегі кіріс туризмін басқару мен дамытудың оңтайлы стратегиясын жасауға мүмкіндік берері хақ.

Осыған орай, Қазақстанның көбінде көпшілікке танылмаған және жаңғыртылмаған, әрі басты өңірлік туристік маршруттарда қажетті деңгейде насихатталмаған сакралды жерлерін зерттеу және аталған туризм түрінің Павлодар облысының жергілікті экономикасына әсерін анықтау жұмыстары қолға алынды. Аталған орындарды толыққанды қарастырып, бағыттың басты назарында ұстау - зерттеу жұмысының негізгі мақсаты мен алғышарттарының бірі болмақ.

Дүниежүзі бойынша туризмнің нығаюына байланысты қазіргі таңда Қазақстан аумағында аталған салаға көңіл бөлініп, Үкімет тарапынан қаржылай қолдау мен реставрация жұмыстары өткіздірілуде. Н.Ә Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде жарыққа шыққан «Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру» атты мақаласына сәйкес, өз кезегінде, өңірлердегі тарихи-киелі орындарды негізге алатын «Қазақстанның сакралды картасы» атты жобасы қолға алынды. Сондай-ақ, «Kazakh Tourism ҰҚ» Акционерлік Қоғамы қаржыландыру жұмыстарының артуы елдегі сакралды орындар бойынша кең көлемді зерттеу жобаларын іске асыруға жол берді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының «Қазақстанның сакралды орындарының географиясы» бөлімі аясында 2017 жылы облыстың ішкі саясат басқармасымен Ертіс-Баян өңірінің киелі орындары бойынша «Сакралды жерлерге саяхат» атты акциясы өткізілді. Облыста өңірлік туристік потенциалын дамыту мақсатында 75 объекіден тұратын сакралды орындардың тізімі әзірленді. Осы

тізімнің 4 объектісі тарихи-киелі орындардың республикалық маңыздылығы бар қатарына енді. Олар: Баянауыл ауданындағы Жасыбай батыр монументі, Қоңыр әулие үңгірі және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кесенесі, Екібастұз қаласының Ақкөл ауылдық аумағындағы Исабек Ишан Хазірет кесене кешені болып табылады. Сонымен қоса, Шарбақты ауданындағы Ғабдыл-Уахит Хазірет кесенесі, Павлодар ауданындағы Үміт апа мешіті, Баянауыл ауданындағы Ақбалық Хазірет кесенесі, Май ауданындағы Үкібай би кесенесі мен өзге тарихи-киелі орындар облыстың сакралды картасына енгізілді [1]. 2025 жылға қарай Қазақстанның жалпы ішкі өнімі негізгі көлемінде туризмнің кемінде 8% үлесін қамтамасыз ету мақсатында өңірдің тарихи-киелі орындарын дәріптеу және аймақтың тарихи-мәдени объектілеріне археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу аясында 2019 жылы облыстық қазынадан 14,8 млн теңге қаржы бөлінді. Елбасының 2018 жылғы «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспарының «Қазақстан Республикасының туристік секторын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және қабылдау» атты 19 тармағы бойынша туристік кластерді негіздеуде Ертіс-Баян аймағы республикалық маңызы бар ең негізгі 10 бағыт қатарына енгізілді. Осылайша, жоғарыда келтірілген мәліметтерді ескере отыра, өңір басшылығы тарапынан сакралды туризм әлеуетін нығайтуға көңіл бөлініп отырғанын атап өткен жөн [2;3].

Зерттеу нәтижесі. 2019 жылдың 3 кварталына сәйкес шығыс туризмі 4%-ға (8,2 млн туристке дейін), кіріс туризмі 16,6%-ға (6,8 млн адамға дейін) және жалпы ішкі туризм 5,8%-ға (4,6 млн туристке дейін) артты. «Kazakh Tourism» ҰК АҚ басшысы Рашид Күзембав: «Аталған көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 10,2%-ға, 2017 жылмен салыстырғанда 32% -ға артты» деп мәлімдеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика Комитетінің деректеріне сәйкес 2019 жылы облысқа енген туристтер саны 150 537 адамды қамтығаны баяндалды. Бұл көрсеткіш жеке меншік кәсіпкерлікті есептемегендегі санақ қорытындысы нәтижесінде негізделгені анықталды. Облыстың туризм басқармасының пайымдауы бойынша, қазіргі таңда сакралды орындардың жергілікті экономикадағы алатын рөлін нақты түрде анықтау қиындық туғызуда. Себебі, ерте кезеңнен-ақ, жеке инвесторлық қолдау бастамасымен ғана реставрацияланып, тек шырақшы қарамағында сақталып келе жатқан кесенелер мен мешіттер сынды тарихи-киелі орындарда өңір басшылығы тарапынан туристтер санағы мен арнайы экономикалық есептеулер жүргізілмеген. Тіпті кесене жанында орналасқан қонақ үй немесе асханалардың көбі тек жеке кәсіпкерлік қарамағына тиесілі болып саналатындықтан, өңірлік деңгейдегі қаржылай кіріс көзін нақты анықтау қарастырылмаған. Мысалы үшін, Павлодар облысындағы Шарбақты ауданының Арбиген ауылындағы Ғабдыл-Уахит Хазірет кесенесінде 2012 жылы инвесторлық қолдау арқылы қайта жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін келушілерге арналған тегін жатын үй тұрғызылған және тек шырақшы бақылауындағы киелі орында экономикалық санақ жүргізілмеген. Алайда, алуантүрлі тарихи-киелі орындар негізделген облыстың әртүрлі аудандарына енген туристтер санының есепке алынуына сәйкес, сакралды орындардың об-

лыс бюджетіне бағытталатын қаржылай кіріс аясындағы рөлі әлдеқайда төмен деңгейді қамтымайтынын атап өткен жөн. Осы орайда, Павлодар облысында 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында өңірге енген 7564 азаматтың 70 пайызға жуығы сакралды орындар саны бойынша алдыңғы қатардағы Баянауыл ауданына бағыт алғанын ескеру маңызды. Өңірге еніп, тарихи-киелі орындарға қызығушылық білдіретін туристтер санының жылдан жылға арту тенденциясы және «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» бастамасы аясында тарихи-киелі орындардың жаппай реставрациясы мен инфрақұрылымдық дамуына, соның ішінде облыс орталығынан бастау алатын қатынау жолының және қызмет көрсету деңгейінің сапасына жергілікті әкімшілік тарапынан көңіл бөлінуде және аталған жайт сакралды туризмнің экономикалық кіріс көзі ретіндегі келешек потенциалының жоғары екенін анықтайды [4;5]. Осы орайда, облыстың тарихи-киелі орындары бойынша Ертіс-Баян өңірі аудандарының алғашқы бестігі негізделген және оның қатарына Баянауыл, Павлодар, Екібастұз, Шарбақты мен Май аудандары кіріктірілген және төмендегі кесте арқылы әр ауданның қамтитын негізгі сакралды орындары ұсынылған (Кесте 1. Павлодар облысы аудандарының негізгі тарихи-киелі орындары).

Кесте 1- Павлодар облысы аудандарының негізгі тарихи-киелі орындары

Павлодар облысының ауданы:	Сакралды орындар:
Баянауыл	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кесенесі; Қоңыр Әулие үңгірі; Ақбалық Хазірет кесенесі; Шоң мен Шорман билер ескерткіші, Әбжалап Диуана ескерткіші; Жасыбай батыр ескерткіші
Павлодар	Нұрғали Хазірет ескерткіші; Үміт апа мешіті; Қазанғап би ескерткіші; «Қаз Қонақ» тарихи-палеонтологиялық кешені; Кенжекөл қонысы
Екібастұз	Исабек Ишан Хазірет кесене кешені; Ақкөл-Жайылма тарихи мекені; Жаңажол қонысы; Керегетас обасы; Атығай қонысы; Құтаяқсор обасы; «Ақбидайық жазулары петроглифтері» этномәдени ескерткіші
Май	«Өленті петроглифтері» этномәдени ескерткіші; Қалмаққырылған таулары; Олжабай батыр ескерткіші; Үкібай би кесенесі
Шарбақты	Ғабдыл-Уахит Хазірет кесенесі; Шалдай табиғи резерваты

Қорытынды. Мақалада Ертіс-Баян өңіріндегі сакралды туризмнің дамуы және оның жергілікті экономиканың нығаюы аясындағы рөлі қарастырылды. Н.Ә Назарбаевтың «Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласынан кейін қоғам арасында қолға алынған тарихи-киелі орындарды зерделеу жұмысына баға беріліп, сыни тұрғыда анализ жасалды. Жалпылама түрде, сакралды орындардың облыс үшін экономикалық кіріс көзі ретіндегі рөлі анықталып, келешектегі даму мүмкіндіктері мен алғышарттары зерттелінді.

Зерттеу этижесінде Павлодар облысындағы сакралды туризмнің даму стратегиясы жоғары сапаға негізделгенін баяндаған жөн. Жобаны негізін айшықтаудағы басты түйін – ХХІ ғасырда қаншалықты ғылыми-технологиялық даму орын алса да, адамзат әрдайым өзінің шығу тегі мен мәдениетіне, соның

ішінде тарихи-киелі орындарға назар аударуға бейім болмақ және оның өңір экономикасына әкелер кірісі аз емес екені анық.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауы. – Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар. https://e-history.kz/kz/publications/view/2019_zhil_zhastar_zhili_4808
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауы//akorda.kz – 2018. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysynanazarbaevtyн-kazakhstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan
3. Павлодар облысы әкімдігінің өңірлік тарихи-мәдени объектілері жайлы бөлімі. <https://pavlodar.gov.kz/kk/tarihi-m%D3%99deni-m%D2%B1ra/>
4. Сүлеймен И.Н., Касымов Т.Ж., Еркекова А.А. Development of sacred tourism in Kazakhstan//«Образовательная система: структурные преобразования и перспективные направления развития научной мысли». Сборник науч. трудов. / Казань, Ресей, 2019. – 60 б.
5. Кәкежанова Ш.К. Қазақстан Республикасының ішкі туризмінің даму перспективалары жайлы//«XV Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының халықаралық конференциясының материалдары / С. Торайғыров атындағы ПМУ. – Павлодар, 2017. – 79 б.

УДК 334, 338

АККРЕДИТАЦИЯ И СЕРТИФИКАЦИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СПЕЦИАЛИСТОВ В СФЕРЕ ГЧП: ОПЫТ РОССИИ

Калиева С.А.

главный научный сотрудник, д.э.н., асс. профессор, Институт экономики КН МОН РК
г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: Kalievas_@mail.ru

Есембекова Д.Б.

исполнительный директор Офиса аккредитации и обучения
АО «Казахстанский центр ГЧП»
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
E-mail: diana_esem@mail.ru

Бейсенбаева А.К.

менеджер по науке АО «Казахстанский центр ГЧП»
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
E-mail: asja_b@mail.ru

Аннотация. Отсутствие единой концепции профессиональной и качественной подготовки квалифицированных кадров с необходимым набором знаний, навыков и компетенций в сфере ГЧП, соответствующих потребностям национальной экономики с учетом глобальных тенденций и новых вызовов предопределило выбор темы исследования.